



**«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы білім бөлімі бойынша
Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ
мектепшілік ата – аналар жиналысының жұмыс жоспары
2025-2026 оқу жылы**

№	Жүргізілетін жұмыстар	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
I отырыс	<p>Тақырыбы: «Бала тәрбиесі – мектеп пен ата-ананың бірлескен жауапкершілігі»</p> <p>1.«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсаты»</p> <p>2.«Мектеп пен ага-ананың адал азамат тәрбиесіндегі ынтымақтастығы: жүйелі тәрбие жұмыстары»</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>3.«Сыныптағы жағымды ахуал – қолайлы орта мен тұлға дамуының негізі»</p> <p>4.Бала тәрбиесіне байланысты тренинг</p>	Хаттама	<p>Мектеп директоры Г.Т.Сергазина</p> <p>Тәрбие ісінің орынбасары А.Кожаметова</p> <p>8 сынып жетекшісі Д.И.Копбаева</p> <p>7 сынып жетекшісі Тороохан Нуржанар</p>	Қыркүйек

II отырыс	<p>Тақырыбы: Отбасы және мектеп: «бір бағытта қарау»</p> <p>Күн тәртібіндегі мәселелер:</p> <p>1.Күзгі демалыс кезіндегі нұсқаулықпен таныстыру</p> <p>2.Бала тәртібі</p> <p>3.Қызықты сергіту сәті</p> <p>4.Әр түрлі мәселелер</p> <p>5.2025–2026 оқу жылының I-тоқсанындағы тәрбие және оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы. (Қатысу, үлгерім, тәртіп, іс-шараларға қатысу көрсеткіштері.)</p>	хаттама	<p>4 сынып жетекшісі К.Г.Рахимова</p> <p>7 сынып жетекшісі Тороохан Нуржанар</p> <p>9 сынып жетекшісі А.Ж.Кульжаханова</p>	Қараша
III отырыс	<p>Тақырыбы: «Бала тәрбиесі отбасынан басталады»</p> <p>Күн тәртібіндегі мәселелер:</p> <p>1.Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда отбасының рөлі. (Нашақорлық, темекі, зиянды әдеттер: ата-аналық бақылау және алдын алу шаралары.)</p> <p>2.Зорлық-зомбылықтың алдын алу: отбасы, мектеп және қоғам арасындағы байланысты нығайту. (Буллинг, кибербуллинг, эмоционалдық зорлық түрлері туралы ақпарат.)</p> <p>3.2025–2026 оқу жылының 2-тоқсанындағы тәрбие және оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы.</p>	хаттама	<p>3 сынып жетекшісі Тұлеубаева Р.А.</p> <p>6 сынып жетекшісі Қайрат А. Әлеуметтік педагог</p>	Желтоқсан

<p>ІҮ отырыс</p>	<p>(Қатысу, үлгерім, тәртіп, іс-шараларға қатысу көрсеткіштері.)</p> <p>Тақырыбы: «Бала тәрбиесі – отбасынан басталып, қоғамда жалғасады» (Жауапты отбасы – қауіпсіз орта – саналы ұрпақ) Күн тәртібіндегі мәселелер: 1.Бала тәрбиесінде ата-ананың жеке жауапкершілігі мен үлгі-өнегесі (Үйдегі қарым-қатынас мәдениеті, тәрбие берудегі ата-ана рөлі, бала тұлғасын қалыптастырудағы отбасының ықпалы) 2.Оқушы қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мектеп пен ата-ананың өзара әрекеті (Қауіпсіздік ережелері, мектепке келу-кету, желідегі қауіпсіздік, түнгі уақытта бақылау) 3.Буллинг пен зорлық-зомбылықтың алдын алу: отбасылық қолдаудың маңызы (Психологиялық зорлық, достар арасындағы қарым-қатынас, мектеп тарапынан жүргізілетін алдын алу шаралары туралы ақпарат)</p>	<p>хаттама</p>	<p>4 сынып жетекшісі Рахимова К.Г. 5 сынып жетекшісі Нурахметова Г.С. 7 сынып жетекшісі Тороохан Н</p>	<p>Наурыз</p>
<p>Ү отырыс</p>	<p>Тақырыбы: «Жазғы демалыс – балалардың қауіпсіздігі мен жан-жақты дамуының кезеңі» Күн тәртібіндегі мәселелер: 1.2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы</p>	<p>хаттама</p>	<p>2 сынып жетекшісі Байбекова М.Ж. Әлеуметтік педагог Жолжақсы Ш. ДТЖО Кожаметова А</p>	<p>Мамыр</p>

	<p>(Оқу жетістіктері, тәртіп, сыныптың белсенділігі, ата-анамен байланыс туралы қысқаша талдау)</p> <p>2. Жазғы демалыс лагерлері мен мектеп жанындағы алаңдардың ұйымдастырылуы туралы ақпарат (Оқушылардың қатысуы, уақыт кестесі, жауаптылар және қауіпсіздік талаптары)</p> <p>3. Жазғы демалыс кезіндегі оқушы қауіпсіздігін сақтау – басты міндет (Су айдындарындағы қауіпсіздік, жолда жүру ережелері, түнгі уақытта далада жүруге тыйым, интернет қауіптері, үйдегі ата-аналық бақылау)</p> <p>4. 2025–2026 оқу жылына арналған мектеп формасына қойылатын талаптар туралы түсіндіру (Біркелкі киіну ережелері, тазалық және ұқыптылық дағдылары)</p> <p>5. Бітіруші сыныптардағы (9,11) қорытынды аттестаттау кезінде ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берілмейтіні туралы ескерту (Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, ашықтық пен әділдік ұстанымдары)</p>	
--	---	--

Тәрбие жөніндегі орынбасары:  А. Кожаметова

Мектепшілік ата-аналар жиналысының хаттамасы
№ 1 отырыс

Тақырыбы: «Бала тәрбиесі – мектеп пен ата-ананың бірлескен жауапкершілігі»

Өткізілген күні: 2025 жылғы «19» қыркүйек

Жиналыс түрі: Жыл басындағы ата-аналар жиналысы

Қатысқандар:

Мектеп директоры – Г.Т. Сергазинова,

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – А. Кожаметова,

сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог және ата-аналар

(қатысқандар тізімі тіркелді)

Қатыспағандар: 6

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсаты
2. Мектеп пен ата-ананың адал азамат тәрбиесіндегі ынтымақтастығы: жүйелі тәрбие жұмыстары
3. Сыныптағы жағымды ахуал – қолайлы орта мен тұлға дамуының негізі
4. Бала тәрбиесіне байланысты тренинг
5. Сергіту сәті

ТЫНДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсаты туралы мектеп директоры **Г.Т. Сергазинова** сөз сөйледі.

Баяндамашы 2025–2026 оқу жылында жүзеге асырылатын «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі мақсаты мен міндеттеріне тоқталды.

Бағдарламаның басты мақсаты – білім алушылардың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік, еңбекқорлық, патриотизм сияқты жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыру екендігі атап өтілді.

Сонымен қатар, тәрбие жұмыстарының отбасы мен мектептің бірлескен іс-әрекеті арқылы нәтижелі болатыны айтылды.

2-мәселе бойынша:

«Мектеп пен ата-ананың адал азамат тәрбиесіндегі ынтымақтастығы: жүйелі тәрбие жұмыстары» тақырыбында

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **А. Кожаметова** баяндама жасады.

Баяндамада ата-аналармен жүргізілетін жүйелі тәрбие жұмыстарының бағыттары

таныстырылды. Ата-аналардың мектептегі тәрбиелік іс-шараларға белсенді

қатысуының маңыздылығы, сынып сағаттары, кездесулер, жобалық жұмыстар

арқылы оқушылардың тұлғалық дамуына ықпал ету жолдары айтылды.

Ата-ана мен мектеп арасындағы тұрақты байланыс – бала тәрбиесінің негізгі тірегі екені атап өтілді.

Сергіту сәті ұйымдастырылып, ата-аналарға қысқа психологиялық жаттығулар жүргізілді.

3-мәселе бойынша:

«Сыныптағы жағымды ахуал – қолайлы орта мен тұлға дамуының негізі»

тақырыбында

8-сынып жетекшісі **Д.И. Кобабаева** сөз сөйледі.

Сынып жетекшісі сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастырудың оқушының оқу үлгеріміне, мінез-құлқына және тұлғалық дамуына тікелей әсер ететінін атап өтті.

Буллингтің алдын алу, өзара сыйластық пен қолдауға негізделген орта қалыптастыруда ата-ананың рөлі ерекше екендігі айтылды.

4-мәселе бойынша:

Бала тәрбиесіне байланысты тренингті

7-сынып жетекшісі **Тороохан Нуржанар** өткізді. Тренинг барысында ата-аналарға бала тәрбиесіндегі тиімді қарым-қатынас, түсіністік, қолдау көрсету жолдары ұсынылды. Практикалық тапсырмалар арқылы ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісіп, кері байланыс жасалды.

ЖИНАЛЫС ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ата-аналар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруда мектеппен тығыз байланыста жұмыс жүргізісін.
2. Бала тәрбиесінде отбасы мен мектептің ортақ жауапкершілігі күшейтілсін.
3. Сыныптарда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында ата-аналармен бірлескен жұмыстар жалғастырылсын.
4. Тәрбиелік іс-шараларға ата-аналардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.

Хатшы: Қайрат Ақжібек

Қолы: _____


Күні: « 19 » қыркүйек 2025 ж.

Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша «Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-і 2025-2026 оқу жылының қыркүйек айында өтілген ата-аналар жиналысы туралы ақпарат.

2025 жылғы 19 қыркүйек күні сағат 15:30-да мектебімізде «Мектеп пен отбасы: адал әрі жауапты азаматты тәрбиелеудегі өзара ынтымақтастық» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыс аясында мектеп ата-аналар комитетінің І отырысы ұйымдастырылып, келесі мәселелер қаралды:

1. Мектеп директоры Сергазинова Гульнара Темирбулатовна «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсаты» тақырыбында кіріспе сөз сөйлеп, бағдарламаның негізгі бағыттары мен мектептегі тәрбие жұмысының өзектілігін атап өтті.
2. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Кожаметова А. ата-ана мен мектептің бірлескен жұмысының маңызын ашып, жүйелі тәрбие жұмыстары жөнінде баяндама жасады.
3. Сергіту сәті ұйымдастырылып, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.
4. 8-сынып жетекшісі Кобабаева Д.И. «Сыныптағы жағымды ахуал – қолайлы орта мен тұлға дамуының негізі» тақырыбында ой бөлісті.
5. Жиналыс соңында мектеп психологы Тороохан Нуржанар ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне байланысты мазмұнды тренинг ұйымдастырып, тәжірибелік кеңестер берді.

Жиналыс жоғары деңгейде өтіп, ата-аналар тарапынан белсенділік пен қызығушылық байқалды.



<https://www.instagram.com/reel/DOyo59FjfOk/?igsh=MWg2bmdmYzZzY3RmMQ==>

Мектепшілік ата-аналар жиналысының хаттамасы
№ 2 отырыс

Тақырыбы: Отбасы және мектеп: «Бір бағытта қарау»

Өткізілген күні: 2025 жылғы «__25__» қараша

Жиналыс түрі: Тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысы

Жауаптылар:

Сынып жетекшілер:

4-сынып жетекшісі – **К.Г. Рахимова**,

7-сынып жетекшісі – **Тороохан Нуржанар**,

9-сынып жетекшісі – **А.Ж. Кульжаханова**,

ата-аналар

(қатысқандар тізімі тіркелді)

Қатыспағандар: 11 _____

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. Күзгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік нұсқаулығымен таныстыру
2. Бала тәртібі және ата-ананың жауапкершілігі
3. Қызықты сергіту сәті
4. Әр түрлі мәселелер
5. 2025–2026 оқу жылының I тоқсанындағы тәрбие және оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы
(қатысу, үлгерім, тәртіп, іс-шараларға қатысу көрсеткіштері)

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Күзгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік нұсқаулығымен

4-сынып жетекшісі **К.Г. Рахимова** ата-аналарды таныстырды.

Баяндамашы демалыс уақытында балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында сақталуы тиіс негізгі талаптарға тоқталды. Атап айтқанда:

- жол қозғалысы ережелерін сақтау;
- тұрмыстық және интернет қауіпсіздік;
- бөгде адамдармен қарым-қатынаста сақ болу;
- ата-ананың бақылауын күшейту қажеттігі айтылды.

2-мәселе бойынша:

Бала тәртібі туралы

9-сынып жетекшісі **А.Ж. Кульжаханова** сөз сөйледі.

Бала тәртібінің оқу үлгерімі мен тұлғалық дамуына әсері атап өтіліп, мектеп ережелерін сақтау, сабаққа кешікпеу, мектеп формасын сақтау, өзара сыйластық мәдениетін қалыптастыруда ата-ананың рөлі маңызды екендігі айтылды.

3-мәселе бойынша:

Қызықты сергіту сәтін

7-сынып жетекшісі **Тороохан Нуржанар** ұйымдастырды.

Сергіту сәті ата-аналардың белсенділігін арттыруға, жағымды көңіл-күй қалыптастыруға бағытталды.

4-мәселе бойынша:

Әр түрлі мәселелер қарастырылып, ата-аналардың ұсыныс-пікірлері тыңдалды. Сынып жетекшілер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді.

5-мәселе бойынша:

2025–2026 оқу жылының I тоқсанындағы тәрбие және оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы бойынша

сынып жетекшілер **К.Г. Рахимова, Тороохан Нуржанар, А.Ж. Кульжаханова** ақпарат берді.

Атап айтқанда:

- оқушылардың сабаққа қатысу көрсеткіштері;
- оқу үлгерімінің деңгейі;
- тәртіп сақтау жағдайы;
- мектепшілік және сыныптан тыс іс-шараларға қатысу белсенділігі талданды.

Төмен көрсеткіштер бойынша ата-аналарға жеке ұсыныстар берілді.

ЖИНАЛЫС ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Күзгі демалыс кезінде оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ата-аналардың тікелей бақылауында болсын.
2. Бала тәртібін бақылау мен мектеп талаптарын орындау бойынша ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастық күшейтілсін.
3. Оқушылардың сабаққа қатысуы мен оқу үлгерімін арттыру мақсатында жүйелі бақылау жүргізілсін.
4. Мектеп және сынып деңгейіндегі іс-шараларға ата-аналардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.

Хатшы: Қайрат Ақжібек

Қолы: _____

Күні: « 25 » қараша 2025 ж.

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3

Өткізілген күні: 23 желтоқсан 2025 жыл

Өткізілген орны: №6 тарих кабинеті

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, сынып жетекшісі, ата-аналар

Қатыспағандар: _____

Күн тәртібі:

1. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда отбасының рөлі.
(Нашақорлық, темекі, зиянды әдеттер: ата-аналық бақылау және алдын алу шаралары.)
Баяндамашы: Қайрат А.
2. Тренинг.
Жауапты: Төлеубаева Р.А.
3. Зорлық-зомбылықтың алдын алу: отбасы, мектеп және қоғам арасындағы байланысты нығайту.
(Буллинг, кибербуллинг, эмоционалдық зорлық түрлері туралы ақпарат.)
Баяндамашы: Жолжақсы Ш.
4. Қысқы қауіпсіздік ережелері.
Баяндамашы: Қайрат А.
5. Әртүрлі мәселелер.
Жауапты: Жолжақсы Ш.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Қайрат А. жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда отбасының рөлі туралы баяндама жасады. Ол ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, зиянды әдеттердің алдын алу жолдары туралы айтты. Сонымен қатар нашақорлық, темекі және басқа да зиянды әрекеттердің денсаулыққа кері әсері түсіндірілді. Ата-аналарға балаларымен тұрақты байланыста болып, олардың ортасына бақылау жасау ұсынылды.

2-мәселе бойынша:

Төлеубаева Р.А. ата-аналарға арналған психологиялық тренинг өткізді. Тренинг барысында ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту, түсіністік қалыптастыру және эмоционалдық қолдау көрсету мәселелері қарастырылды.

3-мәселе бойынша:

Жолжақсы Ш. зорлық-зомбылықтың алдын алу тақырыбында баяндама жасады. Буллинг, кибербуллинг және эмоционалдық зорлық-зомбылық түрлері түсіндіріліп, олардың бала психологиясына әсері айтылды. Ата-аналарға балалардың интернеттегі қауіпсіздігін бақылау, ашық әңгіме жүргізу және мектеппен тығыз байланыста болу қажеттігі ескертілді.

4-мәселе бойынша:

Қайрат А. қысқы қауіпсіздік ережелері туралы ақпарат берді. Қыс мезгілінде жолда жүру қауіпсіздігі, мұз үстіндегі сақтық шаралары, ауа райына сай киіну және төтенше жағдайларда әрекет ету жолдары түсіндірілді.


5-мәселе бойынша:

Жолжақсы Ш. әртүрлі ұйымдастыру мәселелері бойынша ақпарат берді. Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, ұсыныстар тыңдалды.

Қаулы:

1. Ата-аналар бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарап, зиянды әдеттердің алдын алу жұмыстарын күшейтсін.
2. Мектеп пен ата-ана арасындағы байланыс тұрақты жүргізілсін.
3. Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстары жалғассын.
4. Қысқы қауіпсіздік ережелерін сақтау ата-аналардың бақылауына алынсын.
5. Көтерілген мәселелер бойынша бірлескен жұмыстар ұйымдастырылсын.

Хатшы: Қайрат Ақжібек

Қолы: 

Күні: « 23 » желтоқсан 2025 ж.

**Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша
«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-і 2025-2026 оқу жылының желтоқсан
айында өтілген ата-аналар жиналысы туралы ақпарат.**

2025–2026 оқу жылының желтоқсан айында «Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-де ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыстың негізгі мақсаты – оқушылардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне байланысты өзекті мәселелерді талқылау, ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайту болды.


Жиналыс барысында күн тәртібіне қойылған мәселелер жан-жақты қарастырылды. Алғашқы мәселе бойынша Қайрат А. «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда отбасының рөлі» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада нашақорлық, темекі және басқа да зиянды әдеттердің жасөспірімдер денсаулығына тигізетін зияны түсіндіріліп, ата-аналық бақылаудың маңыздылығы айтылды. Сонымен қатар бала тәрбиесінде отбасының жауапкершілігі ерекше екендігі атап өтілді.

Келесі кезекте Төлеубаева Р.А. ата-аналармен психологиялық тренинг өткізді. Тренинг барысында ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынас орнату, бір-бірін тыңдау және түсіну дағдылары қарастырылды.

Үшінші мәселе бойынша Жолжақсы Ш. «Зорлық-зомбылықтың алдын алу: отбасы, мектеп және қоғам арасындағы байланысты нығайту» тақырыбында баяндама оқыды. Буллинг, кибербуллинг және эмоционалдық зорлық-зомбылық түрлері туралы түсіндіріліп, олардың бала психологиясына әсері жөнінде ақпарат берілді. Ата-аналарға балалардың интернеттегі әрекеттерін бақылау, олармен ашық сөйлесу және мектеппен тығыз байланыста болу ұсынылды.

Төртінші мәселе бойынша Қайрат А. қысқы қауіпсіздік ережелерімен таныстырды. Қыс мезгіліндегі жол қауіпсіздігі, мұз үстіндегі сақтық шаралары, ауа райына байланысты қауіпсіздік талаптары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ жиналыс соңында Жолжақсы Ш. әртүрлі ұйымдастыру мәселелеріне тоқталып, ата-аналардың сұрақтарына жауап берді.

Жиналыс барысында ата-аналар тарапынан ұсыныстар айтылып, мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту қажеттігі атап өтілді.



<https://www.instagram.com/reel/DSmwnL3DUPz/?igsh=cXZldnU3Yms0aGN6>

Мектепшілік ата-аналар жиналысының хаттамасы
№ 4 отырыс

« 11 __ » ақпан 2026 ж.

Өткізілген орны: №6 тарих кабинеті

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, ата-аналар

Қатыспағандар: __12__

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Білім беру ұйымдарындағы тыйым салынған заттар туралы ереже. №235 бұйрықпен таныстыру. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және оқу ортасын қорғау шаралары туралы түсіндіру жұмысы.
2. Үйірме жұмыстары туралы ақпарат беру – Кожмахметова А.
3. Оқушылардың сабаққа күнделікті қатысуы – Кожмахметова А.
4. Психологиялық тренинг – мектеп психологы Аскарова Мейрамгуль Жалеловна.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Мектеп әкімшілігі білім беру ұйымдарындағы тыйым салынған заттар туралы №235 бұйрықпен таныстырды. Бұйрыққа сәйкес білім беру ұйымына әкелуге және пайдалануға тыйым салынған заттар (суық қару, жарылғыш заттар, темекі өнімдері, электронды темекі, алкогольдік ішімдіктер және т.б.) туралы түсіндірілді. Сонымен қатар, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықбұзушылықтың алдын алу, мектепшілік тәртіпті сақтау және қолайлы оқу ортасын қалыптастыру шаралары баяндалды. Ата-аналарға балалардың жеке қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау қажеттігі ескертілді.

2-мәселе бойынша:

Кожмахметова А. мектептегі үйірме жұмыстары туралы ақпарат берді. Оқушылардың қызығушылығына қарай жұмыс істейтін үйірмелер (спорттық, шығармашылық, пәндік бағыттағы) таныстырылды. Үйірмелердің мақсаты – оқушылардың қабілетін дамыту, бос уақытын тиімді ұйымдастыру екендігі айтылды. Ата-аналарға балаларын үйірмелерге белсенді қатыстыру ұсынылды.

3-мәселе бойынша:

Кожмахметова А. оқушылардың сабаққа күнделікті қатысуы туралы баяндады. Сабаққа себепсіз келмеудің алдын алу, кешігуді болдырмау, ата-аналар тарапынан бақылауды күшейту қажеттігі айтылды. Сабаққа қатысу – білім сапасының негізгі көрсеткіші екені түсіндірілді.

4-мәселе бойынша:

Мектеп психологы Аскарова Мейрамгуль Жалеловна ата-аналармен психологиялық тренинг өткізді. Тренинг барысында ата-ана мен бала арасындағы

қарым-қатынасты нығайту, жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері, қолдау көрсету тәсілдері туралы практикалық кеңестер берілді.

Қаулы:

1. №235 бұйрық талаптары қатаң сақталсын. Ата-аналарға балалардың мектепке тыйым салынған заттарды алып келмеуін қадағалау міндеттелсін.
2. Оқушыларды мектеп үйірмелеріне белсенді қатыстыру ұсынылсын.
3. Оқушылардың сабаққа тұрақты қатысуын ата-аналар тарапынан бақылау күшейтілсін.
4. Психологиялық қолдау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

Хатшы: Қайрат Ақжібек

Қолы:  _____

Күні: «_11_» ақпан 2026 ж.

**Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша
«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-і 2025-2026 оқу жылының ақпан айында
өтілген ата-аналар жиналысы туралы ақпарат.**

11 ақпан 2026 жылы өткізілген жиналыста келесі маңызды мәселелер қарастырылды:

1 Білім беру ұйымдарындағы тыйым салынған заттар туралы №235 бұйрықпен таныстыру.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және оқу ортасын қорғау шаралары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. ДТІЖО Кожахметова А

2 Үйірме жұмыстары туралы ақпарат беріліп, оқушыларды қосымша біліммен қамту мәселесі талқыланды. ДТІЖО Кожахметова А

3 Оқушылардың сабаққа күнделікті қатысуы туралы мәселе қаралды. Жауапты: ДТІЖО Кожахметова А.

4 Мектеп психологы Аскарова Мейрамгуль Жалеловна тарапынан психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

◆ Басты мақсат – оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сапалы білім беру және қолайлы психологиялық орта қалыптастыру.



<https://www.instagram.com/reel/DUneaHtjbGG/?igsh=MTdyazJ5Yjl6cTZ3cA==>

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №4

Өткізілген күні: 16.03.2026 жыл

Өткізілген орны: №6 кабинет тарих

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері, мектеп психологы, ата-аналар

Қатыспағандар: _____

Жиналыс тақырыбы:

«Бала тәрбиесі – отбасынан басталып, қоғамда жалғасады»

(Жауапты отбасы – қауіпсіз орта – саналы ұрпақ)

Күн тәртібі:

1. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі.
2. Оқушы қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
3. Буллинг пен зорлық-зомбылықтың алдын алу.
4. Мектеп пен отбасы арасындағы бірлескен жұмыс.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

4-сынып жетекшісі Рахимова К.Г. бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі туралы баяндама жасады. Ол баланың тәрбиесі отбасынан басталатынын, ата-ананың күнделікті бақылауы мен қолдауы оқушының тұлға болып қалыптасуына тікелей әсер ететінін атап өтті. Сонымен қатар ата-аналарға балалармен жиі сөйлесіп, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру қажеттігі түсіндірілді.

2-мәселе бойынша:

5-сынып жетекшісі Нурахметова Г.С. оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне тоқталды. Оқушылардың мектептегі және көшедегі тәртіп ережелерін сақтау, интернет қауіпсіздігі, жолда жүру мәдениеті туралы ақпарат берілді. Ата-аналарға балалардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау ұсынылды.

3-мәселе бойынша:

Мектеп психологы Аскарова М.Ж. буллинг, кибербуллинг және зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Буллинктің бала психологиясына тигізетін кері әсері айтылып, ата-аналарға балалардың эмоционалдық жағдайына көңіл бөлу қажеттігі ескертілді. Сонымен қатар бала мен ата-ана арасындағы сенімді қарым-қатынастың маңыздылығы атап өтілді.

4-мәселе бойынша:

Жиналыс барысында мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы ғана бала тәрбиесінде оң нәтиже беретіндігі айтылды. Ата-аналар тарапынан ұсыныстар тыңдалып, пікір алмасу жүргізілді.

Қаулы:

1. Ата-аналар бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарап, балалардың қауіпсіздігін тұрақты бақылауда ұстасын.
2. Буллинг пен зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.
3. Мектеп пен ата-ана арасындағы байланыс нығайтылсын.
4. Оқушылардың қауіпсіздігі мен тәртібіне қатысты профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілсін.

Хатшы: Қайрат Ақжібек

Қолы: _____

Күні: « 16 » наурыз 2026 ж.

**Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша
«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-і 2025-2026 оқу жылының наурыз
айында өтілген ата-аналар жиналысы туралы ақпарат.**

16.03.2026 жылы мектебімізде жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыс тақырыбы: «Бала тәрбиесі – отбасынан басталып, қоғамда жалғасады»
(Жауапты отбасы – қауіпсіз орта – саналы ұрпақ).

Жиналыс барысында бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі, оқушы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ буллинг пен зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері қарастырылды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша 4 сынып жетекшісі Рахимова К.Г., 5 сынып жетекшісі Нурахметова Г.С., мектеп психологы Аскарова М.Ж. түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Ата-аналарға бала тәрбиесінде мектеп пен отбасының бірлескен жұмысының маңыздылығы айтылды.



https://www.instagram.com/reel/DWB72IXgh_R/?igsh=MWJzeTRla2t4d3BwcQ==

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №5

Өткізілген күні: 13.05.2026 жыл

Өткізілген орны: Акт залы

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері, мектеп психологы, ата-аналар, учаскелік полиция инспекторы

Қатыспағандар:

Жиналыс тақырыбы:

«Жазғы демалыс – балалардың қауіпсіздігі мен жан-жақты дамуының кезеңі»

Күн тәртібі:

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы.
2. Жазғы демалыс лагерлері мен мектеп жанындағы алаңдардың жұмысы.
3. Жазғы демалыс кезіндегі оқушылар қауіпсіздігі.
4. Ата-аналарға арналған психологиялық тренинг.
5. Мектеп формасына қойылатын талаптар.
6. Қорытынды аттестаттау кезіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Оқу ісінің орынбасары Кульжаханова Арайлым Жумакаримовна 2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша баяндама жасады. Оқу жетістіктері, оқушылардың тәртібі, сынып белсенділігі және ата-анамен байланыс жұмыстары талданды. Сонымен қатар тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кожахметова Алия оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелері туралы ақпарат берді.

2-мәселе бойынша:

Кожахметова Алия жазғы демалыс лагерлері мен мектеп жанындағы алаңдардың ұйымдастырылуы туралы түсіндірді. Оқушылардың лагерьге қатысу тәртібі, уақыт кестесі және қауіпсіздік талаптары айтылды.

3-мәселе бойынша:

Ауылдық жергілікті учаскелік полиция инспекторы Шалов Ерлан Амангелдіұлы жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мопед, мотоцикл, электровелосипед пайдалану қауіпсіздігі, жолда жүру ережелері, түнгі уақытта көшеде жүруге тыйым салу, су айдындарындағы қауіпсіздік және интернеттегі қауіптер туралы айтылды.

4-мәселе бойынша:

Мектеп психологы Аскарова Мейрамгуль Жалеловна ата-аналарға арналған психологиялық тренинг өткізді. Тренинг барысында балаға қолдау көрсету, сенімді қарым-қатынас орнату және жазғы демалыс кезіндегі психологиялық жайлылық мәселелері қарастырылды.

5-мәселе бойынша:

Байбекова Мадина Жанатқызы 2025–2026 оқу жылына арналған мектеп формасына қойылатын талаптар туралы ақпарат берді. Біркелкі киіну ережелері, тазалық пен ұқыптылық сақтау мәселелері түсіндірілді.

6-мәселе бойынша:

Кожахметова Алия бітіруші 9 және 11-сыныптардағы қорытынды аттестаттау кезінде ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берілмейтіні туралы ескертті. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, ашықтық пен әділдік қағидаттары түсіндірілді.

Қаулы:

1. Оқушылардың жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздігі ата-аналардың тұрақты бақылауында болсын.
2. Жол қауіпсіздігі, судағы қауіпсіздік және интернет қауіпсіздігі ережелері сақталсын.
3. Оқушылардың жазғы лагерьлер мен мектеп алаңдарына белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.
4. Мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтау ата-аналарға ескертілсін.
5. Қорытынды аттестаттау кезінде заңсыз ақша жинауға жол берілмесін.
6. Мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастық жұмыстары жалғастырылсын.

Хатшы: Қайрат Ақжібек

Қолы:  _____

Күні: «_13_» мамыр 2026 ж.

Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша «Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-і 2025-2026 оқу жылының мамыр айында өтілген ата-аналар жиналысы туралы ақпарат.

13.05.2026 жылы мектебімізде жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыс тақырыбы: **«Жазғы демалыс – балалардың қауіпсіздігі мен жан-жақты дамуының кезеңі».**

Жиналыстың мақсаты – 2025–2026 оқу жылының қорытындыларын шығару, сондай-ақ жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне қатысты маңызды мәселелерді талқылау болды.

Жиналыс барысында 2025–2026 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша оқушылардың оқу жетістіктері, тәртібі, сынып белсенділігі және ата-анамен байланыс жұмыстары сараланды.

Оқу ісінің орынбасары Кульжаханова Арайлым Жумакаримовна мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кожаметова Алия оқу жылының нәтижелері туралы баяндап, алдағы міндеттерге тоқталды.

Сонымен қатар Кожаметова Алия жазғы демалыс лагерлері мен мектеп жанындағы алаңдардың ұйымдастырылуы туралы ақпарат берді. Оқушылардың лагерьге қатысу тәртібі, уақыт кестесі және қауіпсіздік талаптары түсіндірілді.

Жазғы демалыс кезіндегі оқушы қауіпсіздігін сақтау мәселелері бойынша ауылдық жергілікті учаскелік полиция инспекторы Шалов Ерлан Амангелдіұлы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Жиналыста мопед, мотоцикл, электровелосипед қауіпсіздігі, жолда жүру ережелері, түнгі уақытта көшеде жүруге тыйым салу, су айдындарындағы қауіпсіздік және интернет қауіптері туралы айтылды.

Мектеп психологы Аскарлова Мейрамгуль Жалеловна ата-аналарға арналған психологиялық тренинг өткізіп, балаға психологиялық қолдау көрсету, ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту жолдарына тоқталды.

Сондай-ақ Байбекова Мадина Жанатқызы 2025–2026 оқу жылына арналған мектеп формасына қойылатын талаптар, біркелкі киіну ережелері мен ұқыптылық дағдылары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Жиналыс барысында бітіруші 9 және 11-сыныптардағы қорытынды аттестаттау кезінде ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берілмейтіні ескертілді. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кожаметова Алия сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, ашықтық пен әділдік қағидаттары туралы түсіндіріп өтті.

Жиналыс соңында ата-аналарға белсенді қатысқандары үшін алғыс білдірілді.

Бала қауіпсіздігі – баршамызға ортақ міндет екені ерекше атап өтілді.



<https://www.instagram.com/reel/DYTcvgSiByA/?igsh=MWdIYm53dWJudzQ4bw==>